

Директорлар кеңесі отырысының
2020 жылғы 10 шілдедегі № 6
хаттамасына №8 қосымша

Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «10» шілдедегі № 6
шешімімен бекітілді

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамының жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты
Экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қағидалары**
*(23.12. 2022 мәліметтер бойынша өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып (№14
хаттама))*

Астана қ., 2022 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату

Мазмұны

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қағидалары	1
Мазмұны	3
1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Анықтамалар мен терминдер	4
3-тарау. Сақтандыру объектісі	5
4-тарау. Сақтандыру жағдайлары	6
5-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу . .	6
6-тарау. Кепілдіктер	8
7-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	9
8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	10
9-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	10
10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы	10
11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	11
12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	13
13-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті . . .	14
14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	14
15-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	15
16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	16
17-тарау. Суброгация	17
18-тарау. Қосымша шарттар	17
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі	18

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Экспорттаушының залалдарын сақтандыру жөніндегі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың талаптарында «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) Сақтандырушының Жарғысына сәйкес мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қолдау көрсетілетін жобалар бойынша жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Экспорттаушының залалдарын сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

2-тарау. Анықтамалар мен терминдер

3. Осы Қағидалардың мақсаты жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге байланысты Экспорттаушының залалдарын сақтандырудың үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес толықтырылды

1) **Шартсыз франшиза**- сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде өтелуге жатпайтын, Сақтандыру шартында белгіленген сома. Шартсыз шегерім сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді;

2) **Банкроттық**- Шетел контрагентінің заңды күшіне енген сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

3) **Мемлекеттік орган** – Конституциямен, заңдармен, өзге де құқықтық нормативтік актілермен мемлекет атынан мынадай функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме:

- жалпыға міндетті тәртіп қағидаларын айқындайтын актілерді шығару;
- әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу;
- мемлекет белгілеген жалпыға міндетті тәртіп қағидаларының қадағалануын бақылау;

4) **Шетелдік контрагент**- сатып алушы, тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және Экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

5) **Келісімшарт**- Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді және осындай жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді көрсету шеңберіндегі тауарларды экспорттауға жазбаша келісім;

6) **Күту кезеңі** - осы сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарландыру алғаннан кейін келесі күні басталады;

7) **Шетелдік контрагент елі** - аумағында Шетелдік контрагент тіркелген мемлекет. Шетелдік контрагенттің елі Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаған/қызметтер көрсеткен елден ерекшеленуі мүмкін;

8) **Сақтанушы**- Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Экспорттаушы. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған және пайда алушы болып табылады;

9) **Сақтандыру төлемі**- шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы

орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

10) **Сақтандыру мүддесі**- бұл Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және Сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;

11) **Сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтандырушы Сақтандыру шартында айқындалған талаптарда және мөлшерде Сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

12) **Сақтандыру сомасы**- Сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

13) **Сақтандыру жағдайы**- орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

14) **Сақтандыру тәуекелі**- орын алуы мүмкін болатын жағдайға Сақтандыру шарты жасалатын Сақтанушы үшін залалға әкеп соғатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

Қағидалардың 4-тармағының 15) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес толықтырылды (№14 хаттама)

15) **Залал**- жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде туындайтын Сақтанушының залалы. Залал анықтамасына Шетелдік контрагенттің Сақтанушы алдында жіберіп алған пайданы өтеу (төлеу) бойынша берешегінің; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; комиссиялар және орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер сомасын төлеу болып табылмайтын ақшалай төлем сипатындағы өзге де осыған ұқсас төлемдер; моральдық залал; сот шығыстарының, оның ішінде Келісімшарт бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алуға; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өндіріп алуға сотқа органдарына жүгінуге байланысты сот шығыстарының туындауы кірмейді;

16) **Экспорттаушы**- қызметтер/жұмыстар экспортын жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

17) **Арбитраж** - «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) Халықаралық арбитраж орталығы немесе тараптармен келісілген кез келген басқа Арбитраждық орталық;

18) **Орындалған жұмыстарды/ көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және уәжсіз жалтарыну/бас тарту** - Шетелдік контрагенттің, егер осы жұмыстар/қызметтер Келісімшарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде және уақтылы көрсетілген/ орындалған жағдайда, орындалған жұмыстарды/ көрсетілген қызметтерді қабылдаудан жалтарыну/бас тартуы, бұл Арбитраждың заңды күшіне енген тиісті шешімімен расталады.

Қағидалардың 4-тармағының 19) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес толықтырылды

19) **Сақтандыру оқиғасы**- нәтижесінде Сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

3-тарау. Сақтандыру объектісі

5. Сақтандыру объектісі Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген оқиғалардың орын алуы нәтижесінде жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде Залалдың туындау тәуекеліне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады.

4-тарау. Сақтандыру жағдайлары

6. Осы Қағидаларға сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауы Шетелдік контрагенттің орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдамау бөлігінде Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты, оның ішінде Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында тізімделген бір немесе бірнеше жағдайлардың орын алуы нәтижесінде болған және Сақтанушыға Залал келтірген залал тәуекелінен Экспорттаушыға беріледі.

7. Саяси сипаттағы сақтандыру жағдайлары:

1) Шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің нәтижелерін беруге және қабылдауға кедергі келтіретін не жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын экспроприациялау, тәркілеу, шектеу жөніндегі іс-әрекеті, орындалған жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі нәтижесі;

2) қазақстандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу тағайындалған елдің мемлекеттік органының орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің нәтижелерін беруді және қабылдауды шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті;

3) сақтандырылған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;

4) Шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударуды шектейтін немесе оған тыйым салатын және орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдауды шектейтін күтпеген әрекеті.

8. Коммерциялық сипаттағы сақтандыру жағдайлары:

1) Шетелдік контрагенттің экспорттаушының орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді тапсыруға дайындығы туралы ресми хабарлама жіберілген күннен бастап Сақтандыру шартында көзделген мерзімде орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және уәжсіз жалтарынуы/бас тартуы;

2) Шетелдік контрагенттің келісімшартқа сәйкес қаржылық міндеттемелерді орындамауы;

3) Шетелдік контрагенттің банкроттығы.

9. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

5-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

10. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғауы төмендегінің нәтижесінде туындаған Залалдарды өтемейді:

1) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымдану, ядролық қаруды пайдалану, уытты заттарды қолдану немесе олардың жылыстауының, ядролық жарылыстың тікелей немесе жанама әсері;

2) сақтандыру шартын жасасқанға дейін туындаған оқиғалардың орын алуы;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

4) заң актілерінде белгіленген тәртіппен Сақтандыру жағдайына себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық әрекеттері деп танылған Сақтанушының іс-әрекеттері;

5) сақтандыру шарты бойынша және Келісімшарт бойынша қабылдаған талаптардың, міндеттемелер мен кепілдіктердің, оның ішінде Арбитраждың заңды күшіне енген тиісті шешімімен расталған, өзі орындайтын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің Келісімшарт талаптарына сәйкес келмеуі) қойылатын техникалық талаптардың Сақтанушы тарапынан кез келген бұзушылықтары;

6) Сақтандыру төлемі қоршаған ортаның ластануын болдырмау, ластануға қарсы күрес немесе қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша қандай да бір шығыстарды қамтымайтынын назарға ала отырып, Сақтанушының Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттер, оның ішінде қоршаған ортаны немесе денсаулықты қорғауға, халықтың құқықтарын қорғауға қатысты нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын қадағаламауы;

7) Сақтанушы келіскен және ол бойынша жауапкершілік көтеретін шет мемлекеттің мемлекеттік органының іс-қимылы;

10-тармақтың 8) және 9) тармақшалары. Қағидалар Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес баяндалған (№14 хаттама)

8) Шетелдік контрагент елінен Сақтанушыға ақшалай қаражатты аударуға және айырбастауға Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталатын күнге дейін немесе Сақтандыру шартын кейіннен ұзарту мерзімі болатын күнге шектеулердің болуы;

9) Сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны одан әрі ұзарту мерзіміне орын алған шет мемлекеттің мемлекеттік органының іс-әрекеті;

10) Сақтанушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандырушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін сақтандыру объектісі, оның ішінде Шетелдік контрагент, Сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы кез келген елеулі фактілерді, жайттарды және/немесе талаптарды жасыруы;

11) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту бойынша шараларды қасақана қолданбауы;

12) сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

10-тармақтың 13) тармақшасы. Қағидалар Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес баяндалған (№14 хаттама)

13) сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алуы үшін жауапты Шетелдік контрагентке өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға сақтанушыдан талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

14) Сақтанушының Мемлекеттік органнан, кепілгерден, үшінші тұлғалардан немесе кез келген басқа мекемеден Залалды толық мөлшерде өтеуі;

15) Сақтанушының осы Қағидалардың 6-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді қадағаламауы;

16) Экспорттаушының Шетелдік контрагентпен үлестес болуы;

17) осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген және сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес оқиғалардың орын алуы;

18) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын немесе Сақтандыру шартында көзделмеген залалдарды өтеу туралы кез келген талаптар үшін;

19) төмендегіге байланысты немесе оған қатысты туындаған кез-келген Залалды немесе шығындарды өтеу үшін:

a. кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде иондаушы сәулелену;

b. кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе олардың ядролық жинағының, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттері;

c. атом немесе ядролық реакцияны және/немесе синтезді, сондай-ақ басқа да ұқсас реакцияларды, радиоактивті күшті немесе затты пайдаланатын кез келген әскери қару;

d. кез келген радиоактивті заттың радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа қауіпті немесе ластаушы қасиеттері. Осы тармақша, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық, ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталса немесе пайдаланылса, ядролық отыннан басқа радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;

e. кез-келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері;

f. жұқпалы аурулардың эпидемиясы/пандемиясынан туындаған төтенше жағдай немесе карантин енгізілуі;

20) келесі бес елдің кез келгені: Қытай Халық Республикасы, Француз Республикасы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаттары арасындағы әскери іс-қимыл нәтижесінде келтірілген кез келген Залал (дұшпандық басталғанға дейін немесе одан кейін басталған).

11. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

6-тарау. Кепілдіктер

12. Сақтанушы мынаған кепілдік береді және келіседі:

1) ол Сақтандыру шартын жасасу күніне Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру жағдайына алып келуі мүмкін қандай да бір талаптарды, шарттарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы барлық шарттар Экспорттаушы/Шетелдік контрагент елінің Келісімшартты орындау кезінде сақталуы тиіс заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне толық сәйкес жүзеге асырылды;

3) ол сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде барлық жауапкершілікпен және Сақтандыру шартын жасамаған жағдайдағыдай әрекет етеді және залалды болдырмау, азайту үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайтын болады, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

- Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін және/немесе кейін қолжетімді болуы мүмкін барлық ықтимал арналар, оның ішінде дипломатиялық, заңды, әкімшілік, бейресми арналар;

- валюта айырбастау және ақша аудару шараларын қабылдайды;

- Сақтандырушының келісімінсіз кез келген залалға немесе ықтимал залалға қатысты қандай да бір ымыралы шарттар жасасуға жол бермеу;

- жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәларға қолжетімділікті қоса алғанда, сақтандыру оқиғасын тергеуге барынша жәрдемдесу;

4) ол және/немесе Шетелдік контрагент талап етілетін лицензияларды немесе рұқсаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдайды немесе қабылдайды және барлық шараларды уақтылы қабылдайды және кез келген жаңа лицензиялық немесе рұқсат беру талаптарын сақтау үшін осындай лицензияларды немесе рұқсаттарды алу, ұзарту, жаңарту

немесе түзету үшін, егер жоғарыда аталған лицензиялар немесе рұқсаттарды алу міндетті болып табылса, барлық құжаттарды ұсынады;

5) ол Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес әрекет етеді және әрекет етуін жалғастыратын болады;

6) ол Сақтандырушыны алдын ала хабардар етпей және оның келісімінсіз Келісімшартқа, сондай-ақ Сақтандыру шартына елеулі өзгерістер әкелуі мүмкін қандай да бір іс-әрекеттер қабылдамайды;

7) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің бағасын/сапасын анықтау кезінде дау туындаған жағдайда Сақтандырушымен келісім бойынша осындай орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді бағалау бойынша қажетті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшыны айқындайды. Бұл шығыстар осындай сараптаманы бастаған тараптың шығыстарына жатады.

13. Сақтанушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Шетелдік контрагентті қоса алғанда, қандай да бір үшінші тарапқа сақтандыру шартының болу фактісін ашпайды.

14. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен ерекше талаптар көзделуі мүмкін.

7-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

15. Сақтанушының Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша мәлімдемесі және оған қоса берілетін құжаттар Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

16. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы керек:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) Сақтанушының және тұрғылықты жері (егер жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер заңды тұлға болып табылса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;

6) Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;

7) сақтандыру шартын жасасу күні және оның қолданылу мерзімі;

8) сақтандыру өтелімінің аумағы;

9) сақтандыру шартының нөмірі, сериясы;

10) сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) Сақтанушының өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;

12) Сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

13) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және сақтанушы экономикасының секторын көрсету;

14) Сақтандыру сомасы валютасының, Сақтандыру төлемінің және Сақтандыру сыйлықақысының түрі;

15) Сақтандыру мүддесінің болуы;

16) Шартсыз франшиза туралы шарт.

17. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік көтереді.

Қағидалардың 18-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30

наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалған

18. Осы Қағидалардың негізінде Сақтанушы, Сақтандырушы арасындағы тараптардың келісімі бойынша осы Қағидалардың жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына қайшы келмесе, сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

7-тарау Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес 18-1-тармақпен толықтырылды (№14 хаттама)

18-1. Сақтандыру шарттары тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

19. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

20. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

21. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

22. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

9-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

23. Сақтандыру сомасы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген сақтандыру жағдайларының орын алуы нәтижесінде Сақтанушы шеккен залал сомасы шегінде тараптардың келісімімен айқындалады.

10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

Қағидалардың 24-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес толықтырылды

24. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушы әзірлеген Сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс және қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге жатады.

25. Сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

Қағидалардың 26 және 27-тармақтары Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалған

26. Шартта шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (оның ішінде сақтандыру жарналарын) төлемеудің салдары айқындалуы мүмкін.

27. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (бір төлеммен төлеген кезде) төлегенге дейін Сақтандыру жағдайы орын алған кезде, егер Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

28. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

29. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

30. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

31. Кезекті Сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

32. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) Залалдың мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;

4) Залалдың көлемін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген Сақтандыру төлемі көлемінің есептерімен танысу;

5) осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Сақтандырушының Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның көлемін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен даулау;

7) Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

33. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) әрбір жұмыс орындалған немесе әрбір қызмет көрсетілген сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушының жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету бойынша келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну (көрсетілген қызметтерді/орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісі және т. б.);

2) Сақтандыру шартында көзделген Келісімшарттың маңызды талаптарының өзгеруін Сақтандырушымен келісу;

3) Сақтандыру шартында көзделген мерзімде Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету;

4) Сақтандырушыға Сақтандыру тәуекелінің жағдайы, өзіне белгілі, Сақтандыру шарты жасалғанға дейін және Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандыру жағдайының туындауына маңызды әсер етуі мүмкін жайттар мен талаптар туралы хабардар ету;

5) өзіне белгілі болған, Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау;

6) осы Қағидалардың 6-тарауында және Сақтандыру шартында тізімделген барлық шарттарға мүлтіксіз кепілдік беру және оларды орындау;

7) Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету басталғанға дейін өзінде және (немесе) Шетелдік контрагентте барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

8) Сақтандыру жағдайының орын алуы салдарынан туындауы мүмкін Залал сомасына Шартсыз франшиза мөлшерінде қатысуға және сақтандырмауға немесе сақтандыру объектісі құнының сақтандыру қорғауымен жабылмайтын бөлігін беру;

9) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау және орындау үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

10) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту шараларын қабылдау;

11) оның ішінде сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы орын алған кездегі шығындардың көлемін барынша азайту, сондай-ақ шығындарды өтеу бойынша барлық шараларды жүргізу;

12) әрқашан Сақтандыру шартымен қорғалмағандай әрекет ету;

13) шетелдік контрагент келісімшарт бойынша тиесілі төлемді мерзімінде төлемеген және Сақтанушыда келісімшарт бойынша одан әрі міндеттемелері болған кезде сақтандырушымен жазбаша келісілгенге дейін өз міндеттемелерінің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісінен кейін орындалған міндеттемелері бойынша сақтандыру төлемінен босатылады;

10) Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу;

11) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандырушыны хабардар еткеннен кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға Келісімшарт бойынша төлемді алғаны туралы жазбаша хабарлау;

12) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алғаннан кейін Сақтандырушының келісімінсіз Шетелдік контрагентпен қандай да бір келісім жасаспау;

13) Сақтандыру жағдайының (суброгация) орын алуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету;

14) Сақтандырушының жазбаша алдын ала келісімінсіз Шетелдік контрагентке және өзге үшінші тұлғаларға Сақтандыру шартының болу фактісін ашпау;

15) осы Қағидалардың 7-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген оқиға орын алған кезде Шетелдік контрагентке Келісімшарт бойынша тиесілі төлемді одан әрі Сақтанушыға аудару үшін арнайы банк шотына бөлек орналастыруға нұсқау беру.

34. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) Сақтанушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ету;

2) шет мемлекеттің тиісті мемлекеттік органдарынан Сақтандыру жағдайының орын алу фактісін және Залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

3) орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің құнын айқындау және (немесе) Сақтандыру жағдайы орын алған кезде шығын мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін өз есебінен пайдалану;

4) Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарлама алғаннан кейін шығынды азайту және берешекті өндіріп алу бойынша іс-шараларға қатысу;

5) осы Қағидалардың 5-тарауында көзделген негіздер бойынша Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;

6) көрінеу жалған ақпарат берген немесе алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе төленген соманы талап етуге құқылы емес;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

35. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны осы Сақтандыру қағидаларымен таныстыру және оның талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру төлемін жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

4) Сақтанушы жоғалтқан жағдайда Сақтандыру шартының дубликатын беру, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша Сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

5) егер мұндай шығыстар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілсе және тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушымен келісілсе, Сақтанушыға шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарды өтеу;

Қағидалардың 35-тармағының 6) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес жазылсын

6) Сақтанушыны 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету.

36. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

37. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы дереу, алайда өзіне белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей, егер бұл өзгерістер Сақтанушының қандай да бір іс-әрекетінің нәтижесінде туындаса және Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсер етсе, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған талаптар мен жайттардың өзгергені туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлауға тиіс.

38. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын жайттар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

39. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға Сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартымен белгіленеді.

40. Сақтанушы осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген талаптарды қадағаламаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға құқылы.

41. Егер Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын жайттар жойылса, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

42. Сонымен қатар, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы Сақтандырушыны ресми хатпен тәуекелді арттыруы мүмкін барлық өзге жағдайлар туралы, атап айтқанда, мыналар туралы хабардар етуге міндетті:

- Шетелдік контрагенттің қаржылық жағдайындағы қолайсыз өзгерістерге, төлемдер сипатына және Шетелдік контрагенттің басқару органдарындағы маңызды өзгерістерге қатысты ақпарат;

- төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудағы маңызды нашарлау;

- осы Шетелдік контрагенттің төлем қабілеттілігінің нашарлауы себебі бойынша Шетелдік контрагенттің атына басқа өнім берушілердің жұмыстарды орындауын/қызметтер көрсетуін тоқтата тұру;

- төлемдердің кешіктірілуіне және (немесе) осы мәселе бойынша қабылданып жатқан іс-әрекеттерге, сондай-ақ Сақтанушы мен Шетелдік контрагент арасында туындайтын кез келген талап қоюлар мен дауларға байланысты Шетелдік контрагентке қатысты талап қоюлар қозғалған күннен бастап күшіне енеді.

13-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

43. Сақтандыру жағдайының орын алуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

44. Егер Сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және (немесе) оның салдарынан Сақтандыру жағдайы орын алса және/немесе Сақтандыру жағдайының орын алу тәуекелін ұлғайтатын жағдай мүмкін болса, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушы:

1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін барлық шараларды қолдануы;
2) Сақтандыру жағдайының орын алғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қолдануы;

3) Сақтандыру жағдайы туралы білген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде осы оқиға туралы жөнелту күнін айқындауға, оған оқиғаның жайттары, залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен кейінгі іс-қимылдарды келісуге мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтандырушыны хабардар етуге міндетті;

4) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну; Осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген коммерциялық сипаттағы Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім Арбитраждың орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және уәжсіз жалтарыну/бас тартуды растайтын/теріске шығаратын заңды күшіне енген тиісті шешімі болған кезде ғана қабылданады;

5) сақтандырушыға шығынның себептері мен көлеміне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруі керек.

45. Сақтандырушы немесе оның өкілі сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарламасын күтпей-ақ, сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы оған бұл жағдайда кедергі жасауға құқылы емес.

46. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

47. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Сақтанушының Сақтандыру төлемі туралы өтініші және Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

48. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде Сақтанушыға келтірілген залал Сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса немесе уақтылы хабарламау салдарынан Сақтанушыда туындаған залалдың фактісін, себебін және (немесе) осы залалдың көлемін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы туралы акт жасамау себептері көрсетілетін еркін нысандағы құжат жасайды.

49. Нәтижесінде залал келтірілген сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі сақтанушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын мынадай құжаттармен расталуы тиіс:

1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
2) сақтандыру шарты;
3) өтініш берушінің жеке куәлігі (егер өтініш беруші жеке тұлға болса);

4) мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының орын алу фактісін растайтын, егер оларды қандай да бір жолмен алуға болатын құжаттар мен нормативтік құқықтық актілері немесе кез келген ресми және бейресми көздерден (бұқаралық ақпарат құралдары мен интернетті қоса алғанда) алынған, сақтандыру оқиғасының орын алу фактісін растайтын кез келген басқа ақпарат немесе куәліктер;

5) сақтанушы жүргізген шығын көлемінің есебі;

6) Шетелдік контрагенттің орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне жазбаша түрде қол қоюдан жалтарынуы/бас тартуы, онда Келісімшарт тараптарының күні, атауы, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісін қабылдау және (немесе) қол қою процесінде анықталған орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер сәйкессіздіктері (болған кезде) шектелмей, қамтылуы тиіс;

7) осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген коммерциялық сипаттағы Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Арбитраж шешімі;

8) Сақтанушы мен Шетелдік контрагент арасындағы барлық іскерлік хат алмасу, оның ішінде электрондық пошта арқылы;

9) келтірілген залалдың көлемін растайтын өзге де құжаттар мен мәліметтер.

50. Қажет болған жағдайда, Сақтандыру жағдайының орын алуын және шығын мөлшерін растайтын Құжаттардың тізбесі Келісімшарттың талаптарына байланысты Сақтандыру шартында толықтырылуы мүмкін.

51. Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы мен залалдың көлемін растайтын құжаттардың көшірмелерімен салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын беруді талап етуге құқылы.

15-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

52. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырушы Сақтандыру шартында айқындалған мерзім ішінде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) Сақтандыру жағдайының орын алу немесе Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісін анықтайды;

2) Сақтанушының мәлімдемесінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді;

3) оқиғаның орын алу фактісі мен себептерін анықтайды;

4) оқиға Сақтандыру жағдайы болып танылған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін айқындайды және Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

53. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Сақтанушының Сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініші, Сақтанушы ұсынған құжаттар және Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

54. Сақтандыру төлемі Шартсыз франшизаны шегере отырып, Сақтандыру жағдайының нәтижесінде Сақтанушы шеккен залал мөлшерінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру төлемінің көлемі былайша есептеледі:

Сақтандыру сомасы шегіндегі Сақтандыру төлемі = Залал - Шартсыз франшиза.

55. Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартымен айқындалады.

56. Берешекті өндіріп алу және залалдарды өтеу жөніндегі шығыстарды Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында бөлу тәртібі жеке келісімде айқындалады.

57. Сақтандырушы сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

58. Егер Тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

59. Сақтанушының залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен

шығыстары, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе тиісті шаралар сәтсіз болса, алайда Сақтандырушымен алдын ала келісілген және құжатпен расталған болса, Сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығыстар нақты көлемде өтеледі, алайда Сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайды.

60. Сақтандырушы Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін Күту кезеңі өткеннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдайды. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негіздейді.

61. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

62. Күту кезеңі сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (бір жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспайды.

63. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қатысты қылмыстық іс қозғаған және ол бойынша жайттарға тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Сақтанушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген кезде, Сақтанушыға ақтау үкімі шығарылған кезде тергеу жүргізу немесе алдын ала тергеу жүргізу кезеңінде қылмыстық іс тоқтағанға дейін, сондай-ақ егер көрсетілген жайттар Сақтандыру жағдайының орын алуына әкеп соқтырған жайттарға байланысты болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының іс-әрекеттерінде заңсыз әрекеттер болмағанына көрсететін басқа жайттар орын алғанға дейін Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуді кейінге қалдыра алады. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру апелляциялық инстанциядағы соттар, жоғары тұрған инстанциялар төменгі инстанциядағы соттың сот актілерін қайта қараған кезде де орын алады.

64. Егер сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығын мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына уәжді күмән болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы Сақтанушымен расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.

65. Сақтанушыға Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасы шегінде, оның ішінде Сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін бір немесе бірнеше рет жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте Сақтандыру қорғауы Сақтандыру шартында белгіленген мерзім шегінде қолданылады.

16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

66. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады. Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасының толық көлемінде жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

67. Тараптар Сақтандыру шартының барлық қатысушылары келіскен жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

68. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;
- 2) Сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі Сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

Қағидалардың 68-тармағының 4) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін кешіктірген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Сақтандыру шарты сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде Қағидалардың 68-тармағында көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа тараптарды жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте Сақтандырушының Сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру әрекет еткен уақытқа бара-бар бөлігіне құқығы бар.

69. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кесірінен талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төлеген Сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

17-тарау. Суброгация

70. Сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған Сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.

71. Сақтанушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді дереу беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

72. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залал үшін жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға аударуға міндетті.

73. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18-тарау. Қосымша шарттар

74. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертулері, ұйғарымдар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.

75. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың оларды жазбаша ресімдеген және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күші болады.

Қағидалардың 75-1-тармағымен Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «30» наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес 76-1 тармағымен толықтырылды

75-1. Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Сақтандырушы өз қызметінде қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуге бағытталған сақтық қағидатына және бастамаларды қабылдауға негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдаудан көрінетін қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттарды ұстанатыны туралы мәлімдейді. Сақтанушы өз кезегінде көрсетілген қағидаттарды ұстануға, сондай-ақ қоршаған орта мен қоғамға нақты және ықтимал әсерді анықтау, бағалау бойынша

экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдануға, тиісті басқару шараларын айқындауға және нәтижелі енгізуге, экологиялық тәуекелдерді бақылауды жүзеге асыруға ұмтылатын болады.

19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

76. Осы Қағидалардың негізінде жасалған Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.

77. Сақтандыру шартының тараптары дауды келіссөздер арқылы шешпеген кезде сот органдарына жүгінгенге дейін туындаған келіспеушіліктің себептерін негіздей отырып, екінші тарапқа жазбаша шағым жіберуге міндетті.

78. Наразылық алынған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуы тиіс.

79. Егер наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған немесе осы Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін наразылыққа жауап алынбаған жағдайда, тарап Сақтандырушы орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа жүгінуге құқылы.